

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Бақытты балалық шақ»

Өткізген : А.Ш. Ихсанова

2024-2025жыл

## «Бақытты балалық шақ»

«1 –маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні»

Балаларды қорғау күні дегеніміз – әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз.

Арманы бір, үні бір  
Аға ардақты, іні гүл.  
Бақыт туын көтерген  
Балалардың күні бұл

**Мақсаты:** «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын –сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, ата – аналар, қымбатты бүлдіршіндермен сәбилер! 1- маусым балаларды қорғау күні құтты болсын! Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашан да сыңғырлаған күлкі тілейміз.

Баршамызды бала тілімен баурайтын,  
Бала деген бір бақытқой самғайтын.

Ата - анаң арманымен тілегін,  
Бала емеспе?, бал бұлақтан жалғайтын.  
Сүп – сүйкімді періштелер сендерсіңдер,  
Қандай бейне өздеріне тең келетін.  
Данышпанда, ғарышкерде, ғалымда,  
Ең алдымен балалықты меңгерген.

**Сайқымазақ келуі:** бұл не деген мереке? Нені тойлап жатырсындар?

**Жүргізуші:** бүгін бізде, 1- маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп жатыр. Бізбен бірге тойлағыларыңыз келсе қалып тойлауға болады. Балалар сайқымазақты қалдырамызба?

**Балалар:**Ия қалдырамыз.

**Сайқымазақ:** Кәне балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық.  
Ойынымыздың аты «

»

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар. Бәріңізде епті екенсіңдер. Өте тамаша ойын болды.

Құрметті қонақтар келесі кезек әсем әнге беріледі. Балабақшамыздың «Болашақ» тобының бүлдіршіндерінің орындауында. « Сюардес» биі қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:** Кезекті өнерлі балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

### **Асылым**

Бүгін бізде мереке  
Барлық әлем біздермен  
Балалардың күнің бұл  
Тойлар бәр бізбенен.

### **Шахназ**

Балалардың күнінде  
Шаттанамыз күлеміз.  
Жайнап біздің жүзіміз.  
Бақытты боп жүреміз.

### **Жанай**

Балаларды қорғайтын  
Бүгін біздің мереке  
Балақайлар тойларын  
Құтты болсын мереке

### **Аянат**

Мерекені тойлайтын  
Ең бақытты баламыз  
Асыр салып ойнақтап  
Жұлдыздайын жанамыз.

### **Айя-Сафия**

Бала бала баламыз  
Бақшамызға барамыз  
Күні бойы қызыққа  
Батамызда қаламыз.

**Сайқымазақ:** Кәне балалар енді аналарымызбен бір көңіл көтеріп ойын ойнайық.  
Ойынымыздың аты «Түстерді табамыз»

**Жүргізуші:** Жарайсыздар ата-аналар, өте тамаша ойын болды. кезекті әнге береміз.

Болашақ тобының орындауында. «Қимай тұрмын» әні

**Сайқымазақ:** Жарайсындар балалар жақсы өнер көрсеттіңдер.

**Би:** «флешмоб»

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар.

Ән көмейден құйылды,

Қайғы бұлты шегінді

Балалармен дүние

Көрікті де көңілді.

Құрметті қонақтар қымбатты балалар! Бүгін естен кетпес керемет мерекелік шарамызды өткізіп отырмыз. Аспанымыз ашық болашағымыз жарқын болсын.

Осымен «**Бақытты балалық шақ**» атты мерекелік іс шарамыз аяқталды.

Балалардың бәрін бірге мерекелік дәмге шақырамыз.